

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ



АКИМАТ
ТЕМИРСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«15» желтоқсан 2022 ж.

№ 266

Шұбарқұдық кенті, Желтоқсан көш., 8

пос.Шубаркудук, ул.Желтоқсан, 8

Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурс, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 297 бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің көлемі 3,6700 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі



С.Аманбаев

Саудада (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің
тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	1,0000	Жылыжай орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Қызылжар м.а.
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	1,0000	Кемпинг орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық ауылы, Ақтөбе-Атырау тас жолы бойынан
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	1,5000	Майнинг орталығын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Құмсай ауылы
4	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0500	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ ауылы, Қазақтың Мұнайына 100 жыл.
5	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0300	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ ауылы, Қазақтың Мұнайына 100 жыл.
6	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0200	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Наурыз көшесі бойынан
7	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0300	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ ауылы, Қ.Балуанов көшесі.
8	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,0400	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ ауылы, Автомобилистов көшесі.
Жиынтығы, га			3,6700		